

8K83

A 39

ТЫРАУ

КЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫНЫН

КИТАПХАНАСЫ

Казына

7-жіле

АЛАМАН

АТЫРАУ
Ақын-жазушыларының
Китапханасы

Жазында

Жемінші кітап

АЛАМАН

• Арыс • баспасы
Алматы
2002

ББК 83.3 каз
А 39

Редакция алқасы:

Н.Әжіғалиев (бас редактор), F.Әннес (жауапты шығарушы), Е.Дошаев, Т.Жаңабаев, Қ.Жұсіп, Б.Иманғалиев, Б.Қорқытов, Р.Мұрсалиева, З.Серікқалиев, Ж.Төлегенов, Ә.Төлеуішев

А 39 Аламан (*Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер*). – Алматы: “Арыс” баспасы, 2002. – 234 бет.
ISBN 9965-607-00-1

Кітаптың бірінші бөлімінде профессор Халел Досмұхамедұлы ел аузынан жинап, құрастырган “Аламан” жинағы (Ташкент, 1926) толықтай басылып отыр. Ал екінші бөлімде әмбебап ғалымның өлкे тарихы мен сөз өнеріне қатысты төл туындылары топтастырылды.

Жинақтың алғысөзін жазып, құрастырган Фарифolla Әннес.

A $\frac{4702250000}{446(05)-02}$

439621

ББК 83.3 каз

ISBN 9965-607-00-1



© “Арыс”, 2002



АЛҒЫСӨЗ

5

Күні кешеге шейін ой-санамызга, сөз орамымызга үлттық әдебиет саңлақтарын, мәдени тұрмысымызда дара танылған Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Фабит пен Сәбит сынды тұлғаларды “алыптар тобы” деп атау сіңісті балып, әммасын рухани иғліктеріміздің “іргетасын қалаушы” ретінде бағалап келгеніміз белгілі. Ал, шын мәнінде, олардың да шәкірт буын екендігін, нақ осы лекке жол көрсетіп, жөн нұсқаган үркер жүлдышындағы үстаздар шогыры – “алыптардың да алыбы” өздерінің заманы өтемін, өскін үрпақ алдындағы тарихи миссиясын тік көтеріп, айны мас аңсар, адыра қалған армандарымен, үзілген үміт, асыл сенімдерімен бақыла үзап, Мәңгілік көкжесегіне сіңіп кеткенін соңғы он жылдың беделінде біліп, тәуелсіздік тұғырынан танып жатырмыз. Иә, қансоқталы қос гасыр тогысында бодандық, бугауында буйыққан бейқам халқын өркениет өріне жетелеген алғашқы қазақ зияльларының көңіл марқайтар, көзге ерек-дүр шалынар қасиеті – жан-жсақты әрі терең білімдарлығы, ел багына сый “сегіз қырлы, бір сырлылығы”. Саяси күрескер, қоғам һәм мемлекет қайраткері, өрелі

сөзден от өрген қаламгер, өрі зерттеуші галым, өрі киелі өнер иесі және де белгілі бір көсіпті жетік менгерген маман, соны саланың бастауында тұрган ізашар-устаз қалтында мойындалған сондай алып тұлгалардың бірі де бірегей – Халел Досмұхамедұлы...

Ол 1883 жылғы сәуір айында қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы Соркуыс мекенінде (Тайсойған) дүниеге келіп, 1938 жылдың 26 шілдесі күні Ресейдің Воронеж қаласында үй-ішімен айдауда жүрген шағында НКВД-ның тұтқынына алынады. Одан Мәскеуге, кейін Алматы түрмесіне жеткізіліп, 1939 жылы 24 сәуірде “әскери трибуналдың үкімімен” ату жазасына кесіледі де, 19 тамызда “түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болады”.

Небәрі 55-56 жылдарай дәурен сүрген Халекеңнің ғұмырбаяндық деректерін, ат жалын тартып мінгеннен алашина қамқор азамат, байтагына қорған қайраткер ретінде қалыптасқанга дейінгі өмір жолын, жасампаздық қам-қарекетін шартты түрде мынадай төрт кезеңге бөле қарастырган жөн сияқты:

- 1) тұлғалану жылдары (1916 жылғы дүрбелеңге дейін);
- 2) азаттық алып, тәуелсіз мемлекет құру мұраты үшін қурескен жылдары (1916-20);
- 3) гылыми-шыгармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметтеп айналысқан жылдары (1921-28);
- 4) саяси құғын-сүргінге үшірап, айдауда, абақтыда азап шеккен жылдары (1929-39).

Қамиши сабындағы қысқа ғұмырды кезең-кезеңге жіктей көрсетіп отырган себебіміз, біріншіден – жаратылыстану гылымына, қазақ өдебиеті мен тарихына, тіл дамыту,



ұлттық терминологияны қалыптастыру және фольклорлық шығармаларды жинақтап, зерттеу, т.б. мәселелеріне қатысты мол мұрасы санап бүккен он саусақтан аспайтын аз гана жыл — үшінші кезеңде гана қазаға хатталып, тасқа басылғандығын аңарту болса, екіншіден — қолынан қарымды қаламы еріксіз тартып алынып, білегіне жазықсыз кісен-бұғау салынбағанда ұлттық дүниетаныммызыздың көкжисегін кеңейтіп, мәдени болмысымызыздың өресін биқтептер тағы қаншама күнды еңбек, қаделі кітап дүниеге келер еді-ау деген орны толmas өкінішімізді сездіру гана.

Мемлекет, қоғам қайраткері әрі энциклопедиялық білімі бар галым Халекенің еліміздегі жаратылыстану гылымын дамытып, тәл терминологияны қалыптастыру, ұлттық баспасөз бен кітап басу көсібін өркендешту ісінің қошбасында түрган тұлға екендігі талай айтылып та, жазылып та жүр. Әсіресе, оның З бөлімнен тұратын “Жануарлар” сияқты уақыт суралысына орай түзілген оқулықтары Орта Азия кеңістігіндегі тұңғыш оқу құралы болды және сол кездегі түркі текстес халықтардың оқығандарына жолбасы болып, үлгілік нұсқага айналды. Арнаулы маман, көсіби дәрігер ретінде ол тек медицина мен гигиена, биология мен жалпы табигаттану тақырыбына қалам тартып қана қойған жоқ, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен тарихына қатысты да гылыми-танымдық мәні мол мұра қалдырды. Өзі дәрігер бола тұра халықтың рухани-мәдени мұраларына дегдарлықпен мән беріп, көсіби талғампаздықпен таңдал, талгау, зерделілікпен жіктеп, жүйелеу қасиеті Халелдің бойына емшек сутімен дарып, ескен орта тағылымымен сіңісті болғаны сөзсіз. Өйткені,

Халекенің тұп атасы беріш руына ғана емес, бүкіл Байұлы бірлестігіне тәбе би атанаң, төрелік айтқан, Сырым батырга бата берген Алдар абыз болса, төл атасы – Исарай-Махамбет батырлардың тілеулесі Байнақ би... Көз ашқаннан көргені Мурат Мөңкеұлы, Шернияз Жарылгасұлы, Ігыман Шөрекұлы сынды таңдайынан бол тамызып, лебізінен інжу өрген арқалы ақын-жыраулар болса, құлагына құйып, көкірегіне жиганы телегей теніздей туңцык, басынан тұнар булақтай мөлдір халықтық ауыз әдебиеті-түгын. “Ұяда не көрсөң, ушқанда соны ілесің” демекші, аузы дуалы аталаардың сезін іліп, олең-жысыр, ақыз-әпсана тағылымын теруге іңкәрлік сезімін Халел кейін Орал реалдық әскери училищесінде, Петербордагы Императорлық әскери-медицинадық академияда оқып журген кезінде де сұытқан жок. Әсіресе, Ташкентте Түркістан Республикасы Халық агарту комиссариаты жсанындағы Қазақ білім комиссиясының төрагасы болып журген (1921-28) жылдары ел ішінен фольклор нұсқаларын жинап, жүйелеу және кітап етіп шыгару ісіне тікелей басшылық жасап, Ә.Диваев, М.Әуезов, М.Жұмабаев, т.б. арнаулы тәжірибелі бар мамандарга нақты тапсырмалар беріп отырған. Оның ет-жасын туыстарының бірі Бижан Мәмбетжсанұлы ақсақал: “Халел Ташкент қаласынан жазғы демалысқа келгенде арнайы үй тіктіріп, жасын жердегі сөз білетін қарттарды тегіс шақыратын. Кейін осы қарттар іріктеле келе Халелдің қасында Ігыман Шөрекұлы сияқты ақындар қалатын-ды”, – деп еске алады. Әсіресе, маман дәрігер әрі жаратылыстанушы галымның өз бетінше ізденіп, тек қана ауыз әдебиеті үлгілерін төріп,

қағаз бетіне түсіретін жидашылықпен шектелмей, оны теориялық тұргыдан саралап, тарихи-жанрлық мәнін ашатын көсібі әдебиет зерттеуіші деңгейіне көтерілуіне орыс мәдениетінің ошагы – Петербург қаласында откізген студенттік жылдарының әсері мол болды. Нобель сыйлығының лауреаты, атақты академик И.П. Павловтың шәкірті, болашақ әскери дәрігер Халел мұраттас досы, қазақтан шыққан алгаашқы теміржолшы-инженер Мухаметжан Тынышбаевten бірге таңдаулы мамандығына тікелей қатысы жоқ, әйтсе де таланттылықты таланттылыққа үштастыруға, интеллектуалдық бишкек орлеуге септігі тиер өзге институт галымдарының дәрістеріне қатысын жүрді. Аттары әлемге мәшінүр В.В. Бартольд, В.В. Радлов, Бодуэн де Куртене сияқты галымдармен пікірлесіп, ақыл-кеңестерін тыңдаган күндер жемісін беріп, Халел әлі күнге шейін өз маңызын жоймаган “Қазақ халық әдебиеті” (Ташкент, 1928) очеркін жазып шықты. Ұлттық фольклортану саласындағы тұңғыш зерттеу еңбекте ол халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жанрлық-мазмұндық сипатына қарай саралап, гылыми жүйемен жіктей білді. Халықтық фольклорды тек сөз онегі, әдеби мұра санатында гана қарастырган жоқ, сонымен қатар сан гасырлық тарихы бар ұлттың рухани бастауы, дүниетанымдық әлемінің, пәнсанаптық ойлау жүйесінің негіздері ретінде бағалады. Қоңе мұраларга таным тұргысынан зер салып, олардың этнологиялық қырларына үзілді, гносеологиялық, онтологиялық астарына мән берді. Тіпті, өзі басқарған “Сана” журналының бетінде (1924, № 2-3) “Аруақпен айтысу” атты қазақ ауыз әдебиетінің

сирек ушырасатын үлгісін жариялад, кейін оның шығу тегі, генезисі хақында байыпты пікір айтып, гылыми тұжырым түсінің өзі-ақ Халелдің халық қазынасына сергек көзқарасын, жогары санаткерлік пайымын аңгартса керек.

Халекеңің көкірегі сыр сандық көнекоз қарылардан халық ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алғып, жүйелі жинаумен ерте айналысқаны мәлім. Кейін өзі жинаған материалдар негізінде “Мұрат ақын сөздері” (1924), “Аламан” (1926), “Исатай-Махамбет” (1925) кітаптарын түзіп, алғысөзі мен түсіндірмелерін жазды. Кейінгі кезеңдерде бұл кітаптар Мұрат, ІІғылман, Қалнияз, т.б. ақындардың, жалты халық ауыз әдебиеті өкілдерінің мураларын зерттеу, қайта бастыру ісіне алтынқазық, түпнұсқа еңбек санатында пайдаланылып келеді. Екіншіден, 1936-38 жылдардағы Исатай-Махамбет бастаған Кіші жуздегі үлт-азаттық көтерліс жайын баян ете отырып, оқырман қауымга, бүгінгі үрпақтар буынына сол кезеңнің әлеуметтік-саяси болмысын аңгартатын, дәстүрлі қазақ қоғамындағы елдік пен ерлік үгымының мән маңызын түсіндіретін дерек көзіне айналды. Ең бастысы, Халел хатқа түсіріп, тасқа бастырган әдеби муралар мен кәсіби түсіндірмелер туган әдебиетіміздегі іргелі сала – махамбеттану іліміне негіз қалады. Ел тендензі, үлт азаттығы үшін жасын піда еткен күрестер, дауылтаз ақын Махамбетті “тірілтіп”, оның классикалық жауғар жырларын үрпагына мирас қылды. Төл тарихын, ділді дәстүрін қастерлеген халықтар үрдісіне дең қойсак, Х.Досмұхамедұлындағы арыс артына басқалай із-жол қалдырмаганның өзінде, біздіңше, осынау жалғыз ерлік-еңбегімен ғана өз-өзіне мәңгілік ескерткіш орнатқандай еді...

Үшіншіден, ал тарихи тақырыптарға да қалам тартып, “Шернияз иешен” (1925), “Бұхарадагы Қөйләташ медресесін салу туралы әңсана” (1927), “Самарқан қаласындагы “Тілә-қари” мен “Ширдор” медреселерін салғызыған Жалаңтөс батыр шешкіресі” (1928) мақалаларында фольклорлық аңыздар мен тарихи, этнографиялық деректерді ғылыми дәйектемелермен шендестьре қарап, халқымыздың көне тарихын зерттеудің өзіндік әдістемесіне жеке ашты. Данагой жазушы Мұхтар Әуезовтің: “Тарихтың дәл суреттерімен толығырақ танысадын деген кісі болса, қазак тілінде шықсан Ҳалел Досмұхамедұлының “Исатай-Махамбет” жырының басына жазған баянысы мен Қошмұхамбет Кеменгерулының “Қазак тарихынан” деген еңбектерін қарап отсін...”, – деп жазуы жсте тегін емес...

Санаулы гүмірының қас қағымдай сәті – “Ташкент кезеңі” Ҳалелдің шабытты шыгармашылық, білікті санаткерлік қарымы мен үйымдастыруышылық-устаздық қабілетін жарқыратта көрсеткен жылдар болғанын сез басында айттық. Ол осы кезеңде белгілі полиглот-галым, профессор Е.Д.Поливановтың “Грамматика казахского языка”, “Казах-найманский говор”, “Казахский язык среди языков мира” еңбектерін жазудына ақыл-кеңес беріп, екеуді “Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материал” кітапшасының (1923) және “Қызы Жібек” (1923), “Кенесары-Наурызбай” (1923) жыр кітаптарының редакциясын басқарды. Соңғы жырды баспаға дайындау барысында ол: “... Кенесары-Наурызбайды” Қазақ-қыргыз білім комиссиясының шыгарғандагы мақсаты мынау болды: 1) Алатаудагы согыс туралы Нысанбай ақынның сөзінің дүрыс нұсқасын беру; 2) ел арасында Нысанбай сөзі

аталыт, сыңарезу сойленіп жүрген создердің өсерін жсою; 3) мектептерде оқылатын ана тілі үшін тарихи поэманиң жақсы үлгісін беру; 4) ел әдебиетінен алынған создерді қалай етіп шыгару туралы қолдан келгеніне үлгі көрсетіп, жисе салу...”, – деп тусінік берді.

Халел қазақ әдебиетінің тарихында білікті фольклор зерттеушісі, маҳамбеттану ғлімінің негізін салушы, аудыз әдебиеті үлгілерін жсанрлық-тақырыптық түрге саралаган теориялық дайындығы мол галым ғана емес, сондай-ақ, өз тұстастарына – қазақтың маңдайлалды қаламгерлеріне идеялық бағыт сілтеп, еркін шыгармашилық ауанмен еңбек етулеріне, ізденулеріне тікелей қамқорлық жасасаған мәдениет жсанашыры ретінде де орын алуга шіс. Мәселен, ол Мәскеудегі Әдебиет-көркемонер институтының жетекшісі В.Я.Брюсовке жолдаган хатында: “М.Б.Жумабаев... является, несомненно, ярким киргизским (казахским – F.Ә.) поэтом, пока еще, может быть начинающим, в будущем он может стать выдающимся поэтом при нормальных условиях развития его таланта” (“Будущий наш Пушкин...”), – дей келіп, Магжанның оқып-ізденуіне, ақындық шеберлігін шыңдауына жансақты қөмек көрсетуін өтінеді.

Қысқасы, бергенінен бере алмай кеткені мол аяулы арыстарымыздың бірі, мемлекет, қогам және саясат қайраткері Халел Досмұхамедұлының қиянатпен қылған гұмыры із-түссіз, біржола үзіліп қалмай, артына қалдырган асыл мұралары арқылы үрпақтарымен қауышты, қазақ деген халқы аман түрганда жалғасып, өлі жасай бермек. Осы жинаққа енген әдеби-таннымдық, жидашылық

еңбектері Халекеңнің үлттық мәдениетіміздің даму тарихындагы орны мен рөлін айқын аңгартса керек.

Енді бірер сөз қолдарыңыздагы кітаптың құрылымы хақында. Біз арага 60-70 жыл алғаш рет Халел Досмұхамедұлы мұрасын халқымен қауыштырган тұста (Аламан. Алматы, “Ана тілі” баспасы, 1991) Ташикентте 1926 жылы “Қазақстан мемлекет баспасының Күншығыс бөлімінен” жарыққа шыққан “Аламан” (Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер) жинағындагы “Айса” және “Ел едік” деген толғаулар алынды қалған болатын. Біз осы жолы кітаптың алгаашқы бөлімінде “Аламан” жинағын толық қалпында, ешбір өзгеріссіз, түпнұсқа-лық күйінде беріп отырмыз. Ал екінші бөлімге Х.Досмұхамедулының “Қазақ халқының әдебиеті” атты баяндамасы және Атырау өңірінде өмір сүрген ақын-жырауларға қатысты мақалалары іріктеліп беріліп отыр. Бір сөзben айтқанда, бұл кітап Атырау өңіріндегі асыл сөз өнеріне қатысты галым қолынан туған еңбектердің жинағы десек орынды.

*Фариғолла ӘНЕС,
“Арыс” қорының президенті*